



positioning
patients for life.®

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-1778PR2DC

Portrait™ тек бас маскасы адаптеріне арналған
Aquaplast RT™ 20 см иек бауы





EC REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta		АҚШ-та жасаған өндіруші Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
------------------------------	---	--	---

Aquaplast RT, Portrait және Access – Qfix компаниясының сауда белгілері.

Fibreplast® – Qfix компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӨЛСІРЕУІ	4
МР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	5
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	6
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	7
БАПТАУ	7
ШЫҒАРЫП АЛУ	9

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6054 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ПРОТОНМЕН ЕМДЕУ ОРТАСЫНДА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ БАРЫСЫНДА ДОЗА ТЕРЕҢДІГІ, ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ АЙМАҚ ӘСЕРЛЕРІ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК.

! ЕСКЕРТУ ! ЕМДЕЛУШІНІҢ ОРНАЛАСУ ҚАЛПЫН ТЕКСЕРУ СӘУЛЕЛІК ТЕРАПИЯ ОРТАСЫНДА ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ЕМДЕУ КЕЗІНДЕ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК. ЕМДЕУ ЖҮРГІЗУ АЛДЫНДА ЕМДЕЛУШІНІҢ ОРНАЛАСУЫН ТЕКСЕРУ ҮШІН СТАНДАРТТАЛҒАН БАПТАУДЫ ТЕКСЕРУ ПРОТОКОЛДАРЫН ОРЫНДАҢЫЗ.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Бұл құрылғыны пайдалану жекелеген адамдардың терісіне тиген кезде жеңіл сезімталдық тудыруы мүмкін.
- Aquaplast RT™ термопластиктері тек бір емделушіге қолдануға арналған және стерильді емес.
- Термопластикті пішінге келтірер алдында кез келген ашық жараны немесе зақымды аурухананың протоколына сәйкес таңғышпен немесе полиэтилен орамамен жабу керек.
- Қолданбаған кезде, термопластикті ыстықтан және тікелей күн сәулесінен алыс ұстаңыз.
- Aquaplast RT және Fibreplast аурухана протоколына сәйкес қоқысқа тасталуы керек.

ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ

Кез келген құрылғымен емдеу тері дозасының артуына себеп болады. Термопластикалық маскалар сәулелік терапия сәулесін сейілтеді және тері дозасын арттырады. Жоспарлау және емдеу кезінде мұндай сейілту мен тері дозасының артуын ескеру қажет.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

МР ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

 **Portrait™** тек бастың маска адаптеріне арналған **Aquaplast RT™ 20 см** иек бауы, **RT-1778PR2DC** құрылғысы МР ортасында қауіпсіз.

- **Aquaplast RT™ 20 см** иек бауын **Access™ Supine** кеуде құрылғысына арналған **Portrait™** тек бас маскасының адаптері, **RT-4546-03** және **Access™ Supine** құрылғысының (**RT-4546MRI**) МР ортасында қауіпсіз нұсқасының екеуі де МР-томография алдында мынадай таңбамен анық таңбаланады:



 **Access™ Supine** кеуде құрылғысының **Portrait™** тек бас маскасының адаптері (**RT-4546-03**) МР ортасында қауіпсіз.

 **Access™ Supine** кеуде құрылғысы (**RT-4546MRI**) МР ортасында қауіпсіз.

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



МР ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ

Қандай да бір МР ортасының ықпалына ұшырау нәтижесінде ешқандай қауіп байқалмаған элемент. «МР ортасында қауіпсіз» элементтер электр тогын өткізбейтін, металдан жасалмаған және магнитсіз материалдардан тұрады.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Aquaplast RT™ және Fibreplast® құрылғылары сәулелік терапиядан өтіп жатқан емделушілерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ



1. Access™ Supine кеуде құрылғысына арналған RT-4546-03 Portrait™ тек бас маскасының адаптерін Access Supine кеуде құрылғысына тіркеңіз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Нұсқауларды, өнім функцияларын, техникалық сипаттамаларын, ескертулерді, сақтық шараларын және Access™ Supine кеуде құрылғысына арналған Portrait™ тек бас маскасының адаптерін пайдалануға қатысты басқа жалпы сақтық шараларын Access™ Supine кеуде құрылғысына арналған Portrait™ тек бас маскасы адаптерінің (RT-4546-03) (P/N 2008021) Өнім нұсқаулығы мен Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

2. Қажет болса, бас сүйенішінің көмегімен емделушіні Access™ Supine кеуде құрылғысына жатқызыңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Нұсқауларды, өнім функцияларын, техникалық сипаттамаларды, ескертулерді, сақтық шараларын және Access™ Supine кеуде құрылғысын (P/N 2004394) пайдалануға қатысты басқа да жалпы сақтық шараларын Access™ Supine кеуде құрылғысының Өнім нұсқаулығы мен Пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

3. PR қысқышының ішіндегі істіктің (иек бауының көк пластик жиегі) саңылаудың ішкі жартысында қарама-қарсы істікке қарай орналасқанына көз жеткізіңіз (1-сурет).




1-сурет

! ЕСКЕРТПЕ ! Термопластикті қыздыру және жұмсарту нұсқауларын, өнім функцияларын, техникалық сипаттамаларды, ескертулерді, сақтық шараларын және Aquaplast RT™ термопластикалық материалын пайдалануға қатысты басқа да жалпы сақтық шараларын Aquaplast RT™ және Fibreplast® (P/N 2002890) құрылғысының Өнім нұсқаулығы мен Пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


4. Portrait™ тек бас маскасының адаптеріне арналған Aquaplast RT™ 20 см иек бауы қалыптауға дайын болғанда, иек бауының бір жағын Portrait тек бас маскасының адаптеріне бекітіңіз. Иек бауындағы PR қысқышындағы ұяшықты және саңылауды Portrait тек бас маскасының адаптеріндегі ұяшықпен және саңылаумен туралаңыз (2-сурет).
5. Иек бауындағы түйреуіштерді Portrait тек бас маскасының адаптеріне толық басыңыз (2-сурет).



2-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

6. Осы әрекетті Aquaplast RT™ 20 см иек бауының екінші жағына қайталаңыз. Термопластикті емделушінің аузына және иегіне тартыңыз. Термопластик мұрынды жаппағанына көз жеткізіңіз. Иек бауының астыңғы жағы иектің астыңғы жағын жабуы керек (3-сурет).



3-сурет

! ЕСКЕРТПЕ ! Мұрын мен кеңірдекті (әдетте «жұтқыншақ» деп аталады) жаппау үшін артық термопластикті артқа қайырып бүктеңіз.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ЕГЕР ТЕРМОПЛАСТИК АУЫЗ МЕН ИЕК ҮСТІНДЕ ТЫМ ТӨМЕН ОРНАЛАСА, ИЕК БАУЫ ЕМДЕЛУШІНІ ТОЛЫҚ ҚОЗҒАЛТПАЙДЫ.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ҚАЛЫПТАУ ПРОЦЕСІНДЕ ЕМДЕЛУШІНІҢ МҰРНЫН НЕМЕСЕ КӨМЕЙІН ЖАППАҢЫЗ. ҚАТАЙТЫЛҒАННАН KEЙІН, ТЕРМОПЛАСТИК ЕМДЕЛУШІГЕ ЖАЙСЫЗДЫҚ ТУДЫРУЫ МҰМКІН.

ШЫҒАРЫП АЛУ

1. Aquaplast RT 20 см иек бауындағы әр түйреуішті жоғары тартыңыз.
2. Aquaplast RT 20 см иек бауын емделушіден және Portrait тек бас маскасының адаптерінен алыңыз.



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

☎ +1 610.268.0585 / 800.526.5247

🖨 +1 610.268.0588 / 800.831.8174

✉ sales@Qfix.com

2008217_KK_A
2023-07